

«ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАҒДАРЫ»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында Қазақстан халқына Жолдауын жариялады. Президенттің «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауында алдағы орта мерзімдік жұмыстың бағыт-бағдары айқындалды. Парламентке, Үкіметке, жергілікті басқару органдарына нақты тапсырмалар, жаңа міндеттер жүктелді. Президент, ең алдымен, былтырдан бері жүргізілген ауқымды саяси реформаларға тоқталып, елімізде «күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасы барынша орныққанын, адам құқығын қорғау саласында маңызды қадамдар жасалып, әділдік пен заң үстемдігін орнату үшін ауқымды жұмыстар атқарылғанын атап өтті.

2-5



№104
(4537)
Сенбі
2 қыркүйек
2023 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



8-9

БОЛАШАҚҚА ӘНҰРАНМЕН АТТАДЫ

1 қыркүйек – Білім күні елімізде жаңа оқу жылы басталды. Астанадағы жалпы білім беретін 101 мемлекеттік, 61 жекеменшік және 7 республикалық мектепте алғашқы қоңырау салтанаты өтті. Биыл Астанада 27 мыңға жуық бала 1-сыныптың табалдырығын әнұран айтып аттады. Алдағы жылы 9500 оқушы мектеппен қоштасады. Жаңа оқу жылында елордада 11 жаңа мектеп ашылады. Кеше 4 жаңа мектеп алғашқы оқушыларын қабылдады. Жаңа оқу жылы 34 апта болады. Соңғы қоңырау 2024 жылы 25 мамырда соғылады.



ӨНІРЛЕР ЖӘРМЕҢКЕСІ БАСТАЛАДЫ


Астанада өңірлерден тауар өндірушілерінің қатысуымен өтетін дәстүрлі ауыл шаруашылығы өнімдері жәрмеңкелері басталады.

Жәрмеңке 2 қыркүйектен 29 қазанға дейін әр сенбі мен жексенбі күндері өтеді. Түркістан облысының шаруалары өз өнімдерін елордалықтарға бірінші болып ұсынады. Өңірден 70-тен астам ауыл шаруашылығы өндірушілері 556 тонна өнім әкеледі.

Жәрмеңкедегі барлық өнімдер нарықтағы

бағадан 15-20 пайызға төмен сатылады. Айта кетейік, биыл ауыл шаруашылығы жәрмеңкесін өткізу орны өзгерді. Ол «Барыс Арена» мұз сарайына қарама-қарсы аумақтан ҚазҰОУ алдындағы алаңға (Тәуелсіздік даңғылы, 50) ауысты.

Жәрмеңкелер демалыс күндері, яғни сенбі-жексенбіде өтеді.



КӨШ КӨЛІКТІ МЕ?

11-БЕТ | ҚОҒАМ



ТЕАТР ХОРМЕЙСТЕРІ

12-БЕТ | РУХАНИЯТ

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 501.22 \$ USD/KZT 462.04 ₰ RUB/KZT 4.89 ¥ CNY/KZT 63.47

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



30 ҮЙДІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ АЯҚТАЛАДЫ

Биыл елордада құрылысы ұзаққа созылған 30-дан астам тұрғын үй кешенінің құрылысы аяқталады. Онда шамамен 4 мың үлескер отбасы бар. Бұл үйлердің бір бөлігінде құрылыс жұмысы аяқталды. Мұндай ақпаратты Астана әкімі Жеңіс Қасымбек жария етті.

«Қаладағы құрылысы ұзаққа созылған нысандарды тұрақты түрде аралаймын. Жақында «Мирный дом», «Алтын бұлақ», «Зере 2» тұрғын үй кешендерінің үлескерлерімен кездестім. Мұндай проблемалық нысандарда бәрін жан-жақты бақылау өте маңызды. Осыған дейін айтқанымдай, құрылысы ұзаққа созылған нысандардың жағдайы әртүрлі. Мәселен, «Мирный дом» тұрғын үй кешені 10 жыл бұрын проблемалық деп танылған, нысанды тапсыру кезінде құрылысы тіпті басталамаған еді. Құрылысы ұзаққа созылған нысандар бойынша ауқымды, жүйелі жұмыс жүргізіліп жатыр: құрылыс

қарқынын арттыру бойынша да, инженерлік желілер бойынша да, сол сияқты құжаттарын ретке келтіру және т. б. Биыл құрылысы ұзаққа созылған 30-дан астам тұрғын үй кешенін аяқтауды жоспарлап отырмыз. Онда шамамен 4 мың үлескер отбасы бар. Бұл үйлердің бір бөлігі аяқталды» деп жазды қала басшысы әлеуметтік желідегі парақшасында.

Жеңіс Қасымбек «сақалды» құрылыстарды аяқтау мәселесі Мемлекет басшысының тікелей бақылауында екенін атап айтты.

«Құрылысы ұзаққа созылатын жаңа нысандардың және проблемалық үлестік құрылыстардың пайда болуына жол

бермеу өте маңызды. Құрылыс компаниялары үлескерлердің қаражатын белгілі бір қатаң жағдайларда ғана қабылдай алады: тұрғын үй құрылысының бірыңғай операторының кепілдігін алу, екінші деңгейлі банктің жобасына қатысу, тұрғын үйдің қаңқасын тұрғызығаннан кейін ғана үлескерлердің ақшасын қабылдау. Қала тұрғындарын дер кезінде ақпараттандыру және заңның бұзылуына жол бермеу үшін әкімдіктің ресми ресурстарында және БАҚ-тарда үлескерлердің қаражатын қабылдауға құқығы жоқ жосықсыз құрылыс салушылардың тізімі жүйелі түрде жарияланып тұрады» деді әкім.

КӨШЕЛЕРДІ СУ БАСУДЫҢ АЛДЫН АЛАМЫЗ

Жуырда Астана әкімі Жеңіс Қасымбек бас қаланы аралау барысында бірқатар кәріз тазарту құрылысын тексеріп, көшелердің, автокөлік көпірінің құрылысымен танысты. Осы сапарда қай көшелерде су басудың алдын алып, нөсер кәрізінің құрылысы қалай жүргізілетінін тұрғындарға түсіндіріп берді.

«Мәселен, биыл жерүсті ағын суын бұру үшін 2,5 шақырым нөсер кәрізінің магистралдық желісін салуды жоспарлап отырмыз. Нөсер жаңбыр кезінде су астында қалатын негізгі проблемалық учаскелердің бірі – Ұлы дала даңғылы. Мұнда тазарту қондырғылары 14 жыл бұрын салынған. Қазіргі қуаты аздық етеді. Бүгінгі таңда жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу жұмысын жүргізіп жатырмыз. Қолданыстағы «Ш-3» тазарту құрылысын кеңейтеміз. Жобаны іске асырудың нәтижесінде Ұлы дала даңғылында ғана емес, құрылыс жұмысы қарқынды жүріп жатқан жаңа аудандарда да су басу мәселесі шешіледі» деп жазды қала басшысы әлеуметтік желідегі парақшасында.

«Бұдан бөлек, Ш.Қал-

даяқов көшесі (Алматы ауданы) учаскесіндегі №1/№2 сорғы стансаларында да жұмыс жүргізіледі деді. Мұнда коллектор тазартылды. Ол 90 пайызға лайланған. Сондай-ақ №1 және №2 кәріз сорғы стансаларының (1-КСС және 2-КСС) сорғы жабдықтарын толық жинақтау; су бұру коллекторын кешенді тексеру жұмысы жүргізіледі. Жобаны іске асырудың нәтижесінде Ш.Қалдаяқов, И.Панфилов, Ж.Нәжімеденов көшелерінде су басудың алдын аламыз. Нөсер кәрізі желілері мен кәріз тазарту құрылысын салу жұмысы жүйелі деңгейде жүргізіліп жатыр. Осыған дейін 200-ден астам проблемалық учаскеде су басу мәселесі шешілді» деді әкім.

Ол жол-көлік желісін жүйелі

дамуды үш көпірлер, көлік жол айырығы, көшелер салынатынын жеткізді.

«Биыл Тәуелсіздік даңғылындағы көпірдің құрылысын аяқтаймыз. Бұл көпір жолдардағы кептелісті едәуір жеңілдетуге мүмкіндік береді: сол жағалауды Тәуелсіздік даңғылымен, жаңа теміржол вокзалымен, Р.Қошқарбаев даңғылымен, Ж.Нәжімеденов көшесімен, «Әзірет Сұлтан» мешіті ауданымен, А.Байтұрсынов, Қордай, Айнакөл көшелерімен, Б.Момышұлы даңғылымен және т. б. қосымша байланысты қамтамасыз етеді. Келер жылы Кенесары көшесіндегі Есіл өзені арқылы (ҚазГЗУ ауданы) өтетін көпірдің құрылысына кірісуді жоспарлап отырмыз» деді Жеңіс Қасымбек.

ЖАС КӘСІПКЕРДІҢ ЖЕТІСТІГІ

Астана қаласы әкімінің орынбасары Ерлан Бекмұрзаев пен қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы басшысының орынбасары Ерлан Жүсіпов елордадағы жиназ цехына арнайы барып, жұмысымен танысты.



Жас кәсіпкер Әлібек Қаныбек мемлекет қолдауының арқасында кәсіп ашып, 10-нан астам адамды жұмыспен қамтып отыр. Ол мемлекеттің жас кәсіпкерлерге бизнес бастау үшін жеңілдетілген несие беретінін әлеуметтік желіден білгенін айтты.

«Осы жылдың басынан бастап жиназ цехын ашу туралы ойластырып жүргенбіз. Артынан осындай жеңілдетілген 2,5 пайыздық несие берілетінін естіп, «Агроркредит» корпорациясының кеңесіне жүгіндік. Содан кейін Астана қалалық әкімдігі Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасына қажетті құжаттарды өткіздік. Көп ұзамай сәуір айында 5 млн теңге көлемінде жеңілдетілген несиеге қол жеткіздік. Соның арқасында жиназ шығаруға қажетті станоктарды сатып алып, екі ай бұрын кәсібімізді бастап кеттік. Біз үшін бұл үлкен қолдау болды» дейді жас кәсіпкер Ә.Қаныбек.

Ол қазір 12 адамды жұмыспен қамтып отыр. Өзінің жұмысшыларына 250-300 мың теңге көлемінде жалақы төлейді. Жас кәсіпкердің қазірге дейін жасаған өнімдерімен танысқан қала әкімінің орын-

басары жиназдың сапасы мен сатып алу бағасы қолжетімді болуына назар аударды. Ол алдағы уақытта да қала әкімдігі мен мемлекет тарапынан жас кәсіпкерлер үшін қолдау бола беретінін айтып өтті.

Сонымен қатар, қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының өкілі 21 мен 35 жас аралығындағы кәсіпкерлер үшін арнайы қарастырылған мұндай жеңілдетілген несиелер Мемлекет басшысы тапсырмасының негізінде жүзеге асып жатқанын атап өтті.

– Президенттің тікелей тапсырмасымен қолға алынған аталған көмек аясында 2,5 пайыздық жеңілдікпен беріліп жатқан бұл несиелер бес жыл мерзімге ұсынылады. Бүгін біз көріп отырған шағын цехтың иесі Әлібек Қаныбек те сол бағдарламаның игілігін көргендердің бірі. Осы күнге дейін 200-ден аса астаналық жас кәсіпкер осындай көмекті алып үлгерді. Осы жылдың аяғына дейін барлығы 500 жас кәсіпкерді қамтымыз деп отырмыз, – дейді қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы басшысының орынбасары Ерлан Жүсіпов. Оның айтуын-

ша, мұндай жеңілдетілген несие ішкі шекті жас мөлшері сәйкес келетін кез келген жас кәсіпкер пайдалана алады. Тек негізгі екі шарты бар. Оның біріншісі кәсіп ашқанына бес жылдан аспаған болуы керек, екіншісі несие рәсімдеу үшін жылжымайтын мүлікті кепілге қою қажет болады.

Басқарма өкілінің айтуынша, кәсіпкер үшін аталған несие ішкі төмен пайызбен 5 жылға беріп қана қоймай, алғашқы 20 айға дейін төлем мерзіміне үзіліс жасауға да болады. Бұл – кәсіпкер үшін жұмысын жолға қойып алғанша қарастырылған көмек.

Өзінің шағын цехының жұмысымен таныстырған Әлібек Қаныбек алдағы уақытта кәсібін ұлғайтуды жоспарлап отырғанын айтып кетті.

«Біз әзірге ПВХ материалы мен жұқа тақтай кесетін екі станок қана алдық. Қазіргі уақытта тек ағаштан жасалатын түрлі шкаф, ас үй гарнитурасы сияқты жиназдар шығарып жатырмыз. Алдағы уақытта цехты үлкейтіп, жұмсақ жиназдар да шығаруды жолға қойсақ деп жоспарлап отырмыз» дейді Ә.Қаныбек.

Нұрболат АДЫРБЕК

АСТАНАДА МОДУЛЬДІК БЕКЕТТЕР АШЫЛДЫ

Елордада «JOLTAP» әлеуметтік жобасы аясында «Баршаға мүмкіндік» модульдік бекеттері ашылды. Елорда тұрғындары мен өтініш білдірушілердің бәрі мемлекеттік қолдау шаралары жөнінде тегін кеңес ала алады, жекелеген мамандықтар, цифрлық дағдылар (фрилансқа арналған мамандықтар) бойынша курстан өтіп, жұмыс таба алады. Бұл туралы Астана әкімі Жеңіс Қасымбек мәлім етті.



«JOLTAP» жобасы аясында елордада барлығы 10 «Баршаға мүмкіндік» модульдік пункт жұмыс істейтін болады. Алғашқы бес модульдік пункт мына мекенжайларда жұмысын бастады:

- Жастар сарайы, Республика даңғылы, 34;
- «Ailand» COO, Қорғалжын тасжолы, 2;
- «Встреча» СУ, Абылай хан даңғылы, 31;
- «Азия Парк» COO, Қабанбай батыр даңғылы, 21;

– «Тұлпар» СО, Ш.Уәлиханов көшесі, 24.

Модульдік пункттер күн сайын сағат 10:00-ден 20:00-ге дейін жұмыс істейді. Сол сияқты «JUMYS TAP» Telegram-бот бар» деп жазды қала басшысы әлеуметтік желідегі парақшасында.

Қала әкімі «JOLTAP» жобасы Мемлекет басшысының өнімді жұмыс орындарын құруға баса назар аудара отырып, белсенді әлеуметтік саясаттың қажеттілігі туралы тапсырмаларын орындау мақсатында жүзеге

асырылып жатқанын айтты. Оның айтуынша, жоба құралдары, тұтастай алғанда, қазіргі әлеуметтік реформаларға тиімді қосымша.

«Жобаға қоғамдық тамақтану, сауда, құрылыс, көлік және қызмет көрсету салаларындағы ірі бизнес өкілдері мен сала көшбасшылары жұмылдырылды. Жобаның бірлескен операторы – «Жаңа мүмкіндік» қоғамдық қоры. Барлық модульдік пункттерді «Халық» қоры ұсынды» деп түсіндірді әкім.



БАС ҚАЛАДА ҚАНША МЕКТЕП САЛЫНАДЫ?

Елордада 14 мектеп салынып жатыр, оның 11-і алдағы оқу жылында тапсырылса, төртеуі 1 қыркүйекте есігін айқара ашпақ. Сонымен қатар, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша жайлы мектептердің құрылысы қатар басталды. Осы ұлттық жоба бойынша 2024-2025 жылдары 24 жайлы мектеп салынады. Жаңа үлгідегі білім ошақтары екі ауысымда 90 мыңға жуық оқушы орнын құруға мүмкіндік береді.

– Астанада жаңа оқу жылында жалпы саны 16 мың 600 оқушыға арналған 11 мектеп ашамыз. Олардың 4-еуі есігін айқара ашты. Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаевпен бірге бірқатар мемлекеттік және жеке мектептерді араладық, – деді Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек.

Мәселен қолданыстағы №59 мектеп-лицейінің аумағында 1200 оқушыға арналған ғимарат (2 ауысымды) салынды. Оқу орны Есіл ауданында (Сауран көшесі,

5/1) орналасқан. 5 жылдан бері бұл мектепте оқыту жүйесі үш ауысымды болып келді. Жаңа корпусы салу есебінен үш ауысымды оқыту мәселесі шешілді.

– Сол сияқты №55 орта мектепке бардық. Мұнда күрделі жөндеу және абаттандыру жұмысы жүргізілді. Қала бойынша барлығы 50-ге жуық білім беру нысанында (мектептер, балабақшалар, колледждер) күрделі және ағымдағы жөндеу жүргізілді. Сонымен қатар Мемлекет басшысының тапсырмасы

бойынша «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 2024-2025 жылдары тағы 24 мектеп салынады. Жаңа форматтағы мектептер 90 мыңға жуық оқушы орнын (2 ауысымды) ашуға мүмкіндік береді. Мектептердің құрылысына жеке инвестициялар да тартылып жатыр. Сонымен, жаңа оқу жылының басында бірқатар білім ошақтары, оның ішінде «Spectrum», «Riviera International School by Quantum» халықаралық мектептері есігін айқара ашты, – деді қала әкімі өз сөзінде.

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРЕДІ

Бүгін Астана қаласында жаңадан ашылған №96 мектеп-гимназиясында 250-ге жуық бірінші сынып оқушысы мектеп табалдырығын алғаш рет аттады. Мектептің бір ауысымда 1200 оқушыны, екі ауысымда 2400 оқушыны қабылдайтын жобалық қуаты бар. Оқыту екі тілде жүргізіледі. Мұнда инклюзивті білім беру үшін барлық жағдай жасалған.



Астана қаласы мәліхатының төрағасы Ерлан Каналимов жаңадан ашылған гимназияда өткен салтанатты іс-шараға қатысты.

– Арайлы жаздың үш айын мазмұнды да, мәнді өткізіп, сағынышпен алтын ұя мектептеріне оралып отырған оқушыларды жаңа оқу жылымен құттықтаймын, – деді ол өз сөзінде.

– Мектепте мамандандырылған пәндік кабинеттер, робототехника және STEM

кабинеттері, инклюзияны қолдау кабинеттері, ЕДШ, кәсіптік дайындық кабинеттері, оқу залы бар кітапхана, спорт және акт залдары, 400 орындық асхана бар. «AMANAT» партиясы елордалық филиалының сайлауалды бағдарламасын орындау бойынша Жол картасы аясында 2027 жылға дейін 53 мектеп салу қарастырылған. Оның 11-і биыл салынады. Олар әлеуметтік нысандардың қажеттіліктерін ескере отырып, қаланың барлық ауданында

орналасқан. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыру басталды, оның шеңберінде 2025 жылға дейін елордада 90 000-ға жуық оқушы орнына арналған 24 мектеп салу жоспарланған, – деді Е.Каналимов жаңа мектептің ашылу салтанаты кезінде.

2023-2024 оқу жылында берілетін 11 мектептің әзірге 4-еуі ашылды, қалғаны оқу жылының соңына дейін пайдалануға берілмек.

Бетті дайындаған Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

АЛҒАШҚЫ ҚОҢЫРАУ СЫҢҒЫРЫ



3,9 млн қазақстандық оқушы үшін 2023-2024 жаңа оқу жылы басталды. Алғаш рет мектеп табалдырығын 382 мыңға жуық бала аттаса, оның 70%-ы мемлекеттік тілде оқиды. Биылғы жаңа оқу жылында он бірінші сынып оқушыларының рекордтық саны – 188 900. Астана қаласында бірінші сыныпқа 27 мыңға жуық бала барса, 95 мың түлек оқуын аяқтайды.

Биыл ел бойынша 55 мың бала оқу жылын жаңа мектептерде бастады. 2023 жылдың соңына дейін 132 мың жаңа оқушы орнын пайдалануға беру жоспарлануда. Елімізде барлығы 7,7 мың орта білім беру ұйымы жұмыс істейді. Жаңа оқу жылы 34 аптаны құрайды және 2024 жылдың 25 мамырында аяқталады.

Астана қаласының 169 мектебінде (оның ішінде 101 – мем-

лекеттік, 61 – жекеменшік, 7 – республикалық мектеп) алғашқы қоңырау сыңғырлап, Білім күніне орай салтанатты іс-шаралар ұйымдастырылды.

АРАЛАС МЕКТЕП МӘСЕЛЕСІ ШЕШІЛЕДІ

Астана қаласы Нұра ауданындағы Мақсұт Нәрікбаев көшесі бойында орналасқан №79 мек-

теп-лицейіндегі 4786 оқушының 450-і биыл алғаш рет мектеп табалдырығын аттаса, 200 түлек бітіргелі отыр. Аралас мектепте қазақ және орыс тіліндегі сыныптар 6 сыныптан бөлінді. Жалпы, оқу ордасында 210 педагог білім береді.

Алғашқы қоңырауға арналған салтанатты іс-шара №79 мектеп-лицейінде өтті. Мектеп ауласында оқушылар сап түзеп, 1-сынып жетекшілері және оқушылары бірге шақырылды, Мемлекеттік Ту кіргізіліп, бишілер тобының орындауында музыкалық көрініс тамашаланды. Оқушылар мен ұстаздар әннен шашу шашып, бұл күні ұстаздар да, оқушылар да ерекше көңіл күйде болды.

Әнұранмен ашылған алғашқы қоңырау салтанатты шарасында №79 мектеп-лицейінің директоры Құралай Мукушева құттықтау сөз сөйлеп, барлық оқушыға, мектеп табалдырығын алғаш аттаған бүлдіршіндерге алдағы уақытты жақсы білім мен тәрбие алуға, еліміздің үлгілі азаматтары болып қалыптасуына тілектестік білдірді.

№79 мектеп-лицейде ұйымдастырылған алғашқы қоңырау мерекесіне Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен қатысты. Жиында сөз алған қала әкімінің орынбасары жиналғандарды мерекелерімен құттықтады.

– Қымбатты, ұстаздар, ата-аналар, қадірменді қонақтар, оқушылар! Баршаңызды 1 қыркүйек – Білім күнімен, дәстүрлі жаңа оқу жылының басталу салтанатымен құттықтаймын! Әсіресе, мектеп табалдырығын алғаш аттаған бірінші класс бүлдіршіндері үшін өте қуанышты күн. 2023-2024 оқу жылы бірінші сыныпқа 27 мыңға жуық бала барды. Жыл сайын баланың саны артып, жылдан жылға білім алушылар қатары көбейіп келеді, ол өз кезегінде мемлекет тарапынан білім алатын оқу ошақтарын салуға, мектеп мәртебесін, мектептегі ұстаздардың мәртебесін көтеру бағытында ауқымды жұмыстардың атқарылып жатқандығын білдіреді. Қала бойынша оқушы балалардың саны 255

мыңды құрайды. Елордада 170 мектеп болса, 20 мыңға жуық орын жетіспейді. Сол себепті 8 мектеп үш ауысымды мектеп режимімен жұмыс істеп жатыр. Әрине, оның шешімі бар, қаламызда биыл 11 жаңа мектеп салынып, оның төртеуі пайдалануға берілді. Жыл соңына дейін қалған 7-еуі беріледі. Сонымен қатар Мемлекет басшысының тапсырмасымен келесі жылы «Жайлы мектеп» бағдарламасы бойынша 24 мектеп есігін оқушыларға айқара ашпақ. Бүгінде ол оқу ордаларының құрылысы басталып кетті, келесі және арғы жылы сол мектептер пайдалануға берілген кезде осы үш ауысым проблемасы шешіледі. Қазіргі күні барлық мектебіміз жаңа оқу жылына сақдай сай дайын, жаз бойы 49 мектепте жөндеу жұмыстары, оның ішіндегі тоғызында күрделі жөндеу жүргізілді. Оқу жылында оқушылар қажет құрал-жабдықтармен жабдықталған, педагог кадрлерге деген әзірге тапшылық жоқ, барлық пән мұғалімдері жеткілікті. Жасалған жұмыстар әрі қарай жалғасын табады. Өйткені, ол болашағымызға, жақсы игі істерге қызмет ететіндігі даусыз. Бүгін білім алу үшін мектепке келген барша оқушыға қадамдарыңыз жұртты болсын, болашағыңыз жарқын болсын дегім келеді! Әрине, мектептің жүрегі – ұстаздар қауымы. Олардың еңбегі өлшеусіз, сондықтан Сіздерге күш-қуат пен кәсіби табыс тілеймін! Ата-аналарды да бүгінгі мерекеміз құттықтаймын келеді. Үмітпен жетелеп келген балаларыңыз ертең сенімдеріңізді ақтап, елдің үлкен азаматтары болсын, Білім күні құтты болсын баршаңызға!

– деді Есет Берікұлы өз сөзінде. №79 мектеп-гимназиясы 2015 жылы ашылды. Мектеп орналасқан маңайда тұрғын үй құрылыстары қарқынды жүруіне орай оқу ордасында оқушы орнына тапшылық байқалады, қазір мектеп үш ауысыммен жұмыс істейді. Жобалық қуаттылығы 2400 орындық мектепте 2800 бала білім алуа.

«Дегенмен, бұл мәселенің де шешімі бар, биыл мектептің сметалық құжаттарын қолымызға алдық, жылдың соңына қарай мектепке қосымша жапсарлас салынатын 600 орындық құрылысты бастап кетуді жоспарлап отырмыз. Сонымен қатар, осы мектепке жақын аумақта – Әйтеке би көшесі бойында 4 000 орынға арналған «Жайлы мектеп» салынып, оқушыларды қабылдайды. Сол кезде осы аумақтағы мектептегі оқушы орын тапшылығы толығымен жойылады. Әрине, қазақ тілді немесе орыс тілді сыныптарға беруді ата-аналардың өздері шешеді, ол – тұрғындардың Конституциялық құқы, жалпы осындағы жаңа мектептерді қазақ тілді сыныптарға бейімдеп, басымдық соған беріледі» деді Е.Байкен бізге берген сұхбатында.

Салтанатты іс-шарада 1-сынып оқушылары өлең оқыса, 11-сынып оқушылары оларға «Әліппені табыстады. Р.Қайыртаеваның орындауындағы «Мерекем», М.Сезімнің «Менің елім» әні балаларды білім алуға жігерлендірді.

Салтанатты жиын соңында көптен күткен күміс қоңырау соғылды, мектеп есігі оқушыларға айқара ашылып, алғашқы сабақтар да басталып кетті.





Гүлшат
САПАРҚЫЗЫ

«АРБАТТАҒЫ» АЙРЫҚША КЕШ

Елордалықтар Кенесары ханға арналған ескерткіштің жанында орналасқан «Арбат» жаяу жүргіншілер жолымен қыдырып, Есідің жағалауындағы

Амфитеатрда өткен концертті тамашалады. Қазақстандық эстрада жұлдыздары өз әндерін орындады. Жалпы, жаяу жүргіншілер жолы мен өзеннің жағалауында екі ортада жүретін адам қатары қалың болды. Мұнда, әсіресе, кешкісін қала тұрғындары мен жастар жаяу жүреді. Музыкалық аспаптармен ән айтып, би билеген елордалықтарды,

қолөнер бұйымдарын, зергерлік бұйымдарды ұсынғандарды да жиі кездестіруге болады.

Қолөнершілердің теріден, киізден, саз балшықтан және ағаштан жасаған бірегей бұйымдарын көріп, тамашалау ерекше әсер береді. Арбат аумағында патриоттық әндердің караоке кешінде елордалықтар танымал әндерді орындап, көңіл көтерді. Мерекелік іс-шаралар

МЕРЕКЕ МЕРЕЙІ

Конституция күнін астаналықтар биыл да ерекше атап өтті. Мерекеде қаламызда көптеген әлеуметтік маңызды мәдени және спорттық іс-шара өткізілді. Қала аумағында өткізілетін мәдени-көпшілік іс-шаралар Астана қаласының бірнеше жерінде аталып өтілді.



жаяу жүргіншіге айрықша сезім сыйлады. Билеп, жадырап музыка тыңдаған астаналықтар мен қала қонақтары үшін бұл күн нағыз мерекеге айналды.

ЕХРО АЛАҢЫНДАҒЫ КОНЦЕРТ

ЕХРО іскерлік орталығы алаңы – елордалықтар көп баратын көрнекті демалыс орындарының бірі. Бұл жерде ұйымдастырылатын шараларды тамашалауға халық та көп жиналады. Конституция күнінде «The Spirit of Astana» халықаралық заманауи этникалық музыка фестивалі өткізілді. Ұйымдастырушысы – Астана қалалық Мәдениет

басқармасы мен «Креативті индустрияларды дамыту орталығы». Концерте отандық, шетелдік танымал әншілер мен музыканттар өнер көрсетті. Кеште би билеп, ән айтқан танымал музыканттардың өнеріне елордалықтар мен қала қонақтары ду шапалақтап, қошемет көрсетіп тұрды.

Конституция күніне арналған мерекелік концерт «Көктал» шағын ауданындағы Қорғалжын саябағында да өтті. Мемлекеттік академиялық филармония ұжымы ұлттық аспаптармен халықтық музыканы паш етіп, концерттік бағдарламалар ұйымдастырса, саябақта тағы да түрлі спорттық іс-шаралар өткізілді.



АЛАМАН БӘЙГЕ АТА ЗАҢҒА АРНАЛДЫ



қай жүйріктің маңдайы жарқырағын өздеріне топшалап, тақымын қысты.

Шабандоз шыңдалатын, сәйгүлік сыналатын «Ұшқыр бәйгеде» павлодарлық Аслан Байкенов «Олжахан» есімді тұлпарымен мәреге бірінші келді. 2,4 шақырым қашықтыққа созылған аламанда Ақмола облысының өкілі Алина Колесникова «След» есімді тұлпарымен екінші жетті. Ал үшінші орын «Дон Свифт» есімді тұлпарды тізгіндеген Дмитрий Волковқа (Ақмола облысы) бұйырды.

Жылқының жалынына жабысып, дала рухын сіңірген өзіміздің қаракөздерден бөлек, өзге ұлт өкілдерін көріп қуандық.

Жылқы мен қазақ егіз десек, ат спорты – ұлттық рухтың қайнар көзі. Ендеше, елдігімізді биіктеу жолында ұлтты біріктіретін құрал – ат спорты. Оның ішінде, бәйге деуге толық негіз бар.

18 шақырымға созылған «Топ бәйгеде» бірінші орынды «Хан төңірі» есімді тұлпарды тақымдаған Абзал Тұрғанбек (Алматы қаласы) алды. Екінші және үшінші орынды қос елордалық Исламнұр Ермас (Бақтыры) пен Тимур Харитон (Ақбақай) өзара бөлісті.

Қазақ танымдығы аламан бәйгенің орны зор. 20-дан 100 шақырымға дейінгі қашықтыққа кез келген жылқы да, шабандоз да шыдай бермейді. Өйткені

аттың жүйріктігі, төзімділігі мен шабандоздың шеберлігі байқалады. Бұл жолғы аламан бәйге 25 шақырымды құрап, «Шығырай» есімді тұлпар мінген Мирас Нағашыбай барлығын шаң қаптырып, мәреге бірінші жетті. Екінші орынды – Ертіс Исламнұр (Сарыарқа), үшінші орынды – Бекзат Ділдахан (Байқара), төртінші орынды – Арнұр Саматұлы (Тамаша), бесінші орынды – Абзал Тұрғанбек (Тойбастар) еншіледі.

Іс-шара соңында қатысушылар арасында лотерея ойнатылып, сыйақылар берілді. Бәйгенің жалпы сыйлық қоры – 19 миллион 500 мың теңгені құрады.

Конституция күніне орай «Қазанат» ипподромында бәйге өтті. Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен өткен спорттық іс-шараны Ұлттық және олимпиадалық ат спорты түрлері федерациясы ұйымдастырды.

Нұрлат
БАЙГЕНЖЕ

Дүбірлі доданы тамашалауға Мәжіліс депутаты Қарақат Әбден, Астана қаласының Ұлттық және Олимпиадалық ат спорты түрлері федерациясының президенті, қалалық мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов, Астана қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Самат Жылқыбаев арнайы келді.

Құттықтау сөз алған Ерлан Каналимов:

– Бәйге спортын дамытуға Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ерекше көңіл бөліп отыр. Өздеріңіз білетіндей, «Қазанат» ипподромында жыл сайын 10-15 шара өткізу дәстүрге айналды. Бүгінгі турнирге 11 өңірден 50-ге тарта арғымақ келді, – деді.

Ақын Илияс Жансүгіров «жанына халқымыздың жылқы жаққан...» деп жырға қосқанындай, әрбір қазақ баласы жылқыны көрсе арқаланып кетеді. «Қазанатқа» жиналған қалың жұрт та сапанға шаң көтерген сәйгүліктердің бабын байқап, аяқ алысын аңдап,



